

Жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі жаңа мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 12 сәуір N 1651. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.06.20. N 137-1 Заңымен. ~ Z970137

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына Z933600 _ сәйкес және энергия ресурстары бағасының одан әрі өсуі жағдайында халықты әлеуметтік қорғау мақсатында қаулы етемін:

1. 1994 жылғы 1 сәуірден бастап жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшері 100 теңге сомасында белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1529 Жарлығымен бекітілген 1994 жылға арналған Республикалық бюджетті дәлдеу жөнінде ұсыныстар енгізісін;

зейнетақылардың, жәрдемақылардың және басқа әлеуметтік төлемдердің мөлшерін қайта есептеуді қамтамасыз етсін;

жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қамтудың бәсірелілігін күшейту жөнінен қолданылып жүрген заңдарды өзгерту мен толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

3. Осы Жарлықтың заң күші бар және ол жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар қабылдағанға дейін қолданылады.

4. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті